2021-2022 ЖЫЛДАРДЫҢ ҚЫС МАУСЫМЫНА «ҚТЖ» ҰК» АҚ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КАДРЛАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСЫ БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМДЕ АЯҚТАЛДЫ. ҚЫСТА ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ҮЗДІКСІЗ ЖҰМЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН БАРЛЫҚ ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНДЫ.



Батур КОТЫРЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

№98 (2706)
26/11/2021




## УРОЖАЙ ДОСТАВЯТ ВОВРЕМЯ

**В Казахстане завершена уборка урожая – намолочено 16,4 миллиона тонн зерна. При этом АО «НК «ҚТЖ» обеспечивает его бесперебойную и оперативную доставку как внутри страны, так и на экспорт.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Нур-Султан

Как сообщили в Министерстве сельского хозяйства, в первоначальном весе собрано 80,8 тысячи тонн гречихи, что на 76% больше уровня 2020 года. Ржи собрано на 43% больше, чем в прошлом году, на 22,6% больше кукурузы, на 1,3% – зернобобовых культур. Урожайность проса в первоначальном весе по сравнению с прошлым годом увеличена на 15%, кукурузы – на 5%.

При этом в Минсельхозе отметили, что зерно нового урожая имеет высокие качественные показатели. Так, из общего объема сданной на лицензированные хлебоприемные предприятия мягкой пшеницы к 1-3 классам отнесены 90,5%, в 2020 году данный показатель составлял 81,2%. Наблюдается значительный рост доли пшеницы с высоким содержанием клейковины. В объеме пшеницы мягкой 3-го класса доля высококачественной пшеницы HI-Pro, пользующейся повышенным спросом на мировом рынке, составляет порядка 60%.

По словам специалистов, выращенного зерна достаточно для полного обеспечения внутреннего рынка и для отгрузки на экспорт в размере около 6-6,5 миллиона тонн.

По словам железнодорожников, чтобы обеспечить перевозку нового урожая зерна необходимо соблюдать регламент погрузки/выгрузки и оборот подвижного состава. Для этого грузоотправителям рекомендовано следить за исправностью своих подъездных путей, а на элеваторах – за готовностью погрузочного оборудования. Кроме того, в целях оптимального использования подвижного состава в пиковые периоды погрузки грузоотправителями необходимо четко планировать перевозки зерна и продуктов перемола.

Для оперативного решения вопросов работает штаб по перевозке зерна, на основных зернопогрузочных отделениях ГП круглосуточно работают оперативные зерновые группы.

Национальный перевозчик отдает приоритет перевозке социально значимых грузов. По вопросам их доставки АО «НК «ҚТЖ» оперативно взаимодействует с грузоотправителями, госорганами и местными исполнительными органами.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

### ПРОГРЕССИВНЫЙ МЕТОД ТРАНСПОРТИРОВКИ

**Со станции Кокшетау в Китай отправился контейнерный поезд с первой партией рапсового масла во флекситанках «Европак».**



Флекситанки – это полимерные эластичные емкости для транспортировки жидких грузов, имеющие удобный слив. Их можно назвать удачной альтернативой традиционным цистернам.

Пилотная отправка 2 325 тонн рапсового масла из Казахстана в Китай организована Южным филиалом АО «KTZ Express» в партнерстве с российской компанией «Европак».

– Перевозка флекситанками – один из прогрессивных методов транспортировки различных жиров и масел. Это индивидуальное логистическое решение, предложенное АО «KTZ Express» в соответствии с требованиями заказчика, позволит в перспективе наладить регулярный экспортный сервис и для других отечественных производителей, – отметил руководитель АО «KTZ Express» Нурлан Игембаев.

Совместными усилиями работников Акмолинского отделения грузовых перевозок и АО «Кедентранссервис» на станции Кокшетау-1 произведена погрузка 54 вагонов с 108х20-футовыми контейнерами назначением на российский порт Находка-Восточная через погранпереход Локоть, далее в порт Тяньцзинь (КНР).

– Вагоны с контейнерами прибыли в срок, со стороны станции Кокшетау подача/уборка вагонов, а также перестановка на подъездном пути выполнены своевременно, – подчеркнул начальник станции Кокшетау-1 Надырхан Кайсаров.

Сегодня Китай – основной потребитель рапсового масла в мире. Это приоритетное направление для поставок экспортной продукции от казахстанских компаний. Согласно статистическим данным за 2020 год, из Казахстана в КНР экспортировано более 37 тысяч тонн этой продукции.

*Надежда НОВИЦКАЯ, Кокшетау*
*Фото автора*



**Алексей ГРОМ,**
генеральный директор
АО «ОТЛК ЕРА»:

> ПЕРЕХОД НА ПЕРЕВОЗКИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭЛЕКТРОННОЙ НАКЛАДНОЙ НА КОЛЕЕ 1520 СТАНЕТ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫМ СТИМУЛОМ ДЛЯ ПРОДВИЖЕНИЯ БЕЗБУМАЖНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ВСЕМ МАРШРУТЕ КИТАЙ – ЕВРОПА – КИТАЙ.

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

В ПРЕДДВЕРИИ ДНЯ НЕЗАВИСИМОСТИ РК ОО «КАЗПРОФТРАНС» СОВМЕСТНО С ВОЛОНТЕРАМИ ҚТЖ ДОСТАВИЛИ 32 ВЕТЕРАНАМ ОТРАСЛИ СВЫШЕ

**120 тонн**
УГЛЯ

ПО ИТОГАМ 10 МЕСЯЦЕВ 2021 ГОДА ТРАНЗИТНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ КОНТЕЙНЕРОВ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН СОСТАВИЛИ СВЫШЕ

**880 тыс. ДФЭ**

СО СТАНЦИИ БАЛХАШ ОСУЩЕСТВЛЕНА ПЕРВАЯ КОМБИНИРОВАННАЯ ПЕРЕВОЗКА БОЛЕЕ

**1300 тонн**
КАТОДНОЙ МЕДИ В КНР

## Тасымал

## ТРАНСКАСПИЙ БАҒДАРЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

**Қазақстанның Азия мен Еуропа құрлықтары арасында географиялық жағынан қолайлы орналасуы транзиттік жүк тасымалын жүзеге асыруда орасан зор мүмкіндіктер беруде. Көлік саласының көкжиегі кеңейіп, жаңа дәліздер арқылы жаңа бағдарлар бағындырылуда. Соның ішінде көліктің екі түрі, яғни теміржол мен теңіз көлігі қатысатын Транскаспийлік халықаралық мультимодальды көлік бағдары арқылы тасымал көлемі жылдан жылға артып келеді.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Шетелдіктерге Middle Corridor атауымен танымал ТХКБ-ның басты артықшылығы – жүкті жедел жеткізумен қатар халықаралық сауда процедураларын жеңілдетеді. Сондықтан бұл трансқұрлықтық бағдар мен дәлізді дамыту ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ерекше бақылауына алынған. Осылайша, мемлекет басшылығы көлік саласының алдына ұлттық көлік жүйесін әлемдік көлік желісіне интеграциялау арқылы елдің транзиттік әлеуетін барынша іске асыруды негізгі міндет етіп қойып отыр және ол біртіндеп іске асуда.

Қытай – Құрық/Ақтау – Баку/Алят – Батуми/Поти бағыты бойынша және одан әрі үшінші елдерге, оның ішінде Баку – Тбилиси – Карс жаңа желісі арқылы өтетін мультимодальдық көлік сервисі 2017 жылы жолға қойылды.

Бүгінгі таңда жүк ағынының едәуір бөлігін қазақстандық экспорттық өнімнің, атап айтқанда, мұнай-химия өнімдері, қара және түсті металдар, көмір, көмір коксы, ферроқорытпалар, дәнді, майлы, бұршақ дақылдары және басқа да көптеген жүк түрлері сияқты кең спектрі құрайды.

Сонымен қатар ТХКБ Қытай мен Орталық Азия елдерінен батысқа қарай – Еуропа, Африка елдеріне және кері бағытта бағдарланған жүктерді контейнермен тасымалдау қызметтерін табысты және мақсатты түрде ілгерілетуде.

Транскаспий халықаралық көлік бағдарының Халықаралық Қауымдастығы көлік нарығының 20-дан астам маңызды ойыншыларын, яғни магистральдық инфрақұрылым иелерін және 8 елдің тасымалдаушыларын біріктіреді. Олар Әзербайжан, Грузия, Қазақстан, Қытай, Польша, Румыния, Украина және Түркия. Транскаспий дәлізінің ашылуына Қазақстан бастамашы болғандықтан, қауымдастықтың штаб-пәтері Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. Биылғы жылы Өзбекстан да жобаға қатысушы мүше ретінде қосылу туралы өз шешімін жариялады. Осыдан-ақ, транзиттік тасымалдар көлемінің жыл сайынғы өсімі, бұл бағдардың үлкен әлеуеті бар екенін айқындай түседі.

2017 жылы «тұсауы» кесілген ТХКБ бағдары бойынша ол жылы 0,3 мың контейнер өтсе, 2018 жылы тауар тасымалы 3,9 мың ЖФЭ-ге дейін өскен. Ал 2019 жылы бұл көлем тағы 2 есеге артып, 7,4 мың контейнерді құрады.

Экспорттық жүк тасымалдарының өсуіне «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның транзиттік тасымалдауға қолайлы тариф ұсынуы оң әсер еткен.

2020 жылы әлемдік пандемияның басталуы Қауымдастық мүшелерінің жоспарлары мен құрылған логистикалық байланыстарға айтарлықтай әсер етті. Алайда, контейнерлік тасымалдардың өсуі осы күрделі жылда да тоқтамай, өткен жылдың көрсеткіштерінен 9% немесе 8,1 мың ЖФЭ-ні құрады.

> БЕС ЖЫЛ ІШІНДЕ ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒДАРЫ БОЙЫНША 3,9 МЛН ТОННАДАН АСТАМ СЫРТҚЫ САУДА ЖҮКТЕРІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 20 ФУТТЫҚ БАЛАМАДАҒЫ 71 МЫҢ КОНТЕЙНЕР ТАСЫМАЛДАНДЫ. ОНЫҢ 2,1 МЛН ТОННАСЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭКСПОРТТЫҚ ЖҮКТЕР ҚҰРАДЫ.

2021 жылы транскаспийлік көлік дәлізінде жүк тасымалы қайта жанданды. Бірінші жартыжылдықта 7,4 мың контейнер тасымалданып, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 2,3 есеге артық болды. Сонымен, бес жыл ішінде аталған бағдар бойынша 3,9 млн тоннадан астам сыртқы сауда жүктері, оның ішінде 20 футтық баламадағы 71 мың контейнер тасымалданды. Оның 2,1 млн тоннасын қазақстандық экспорттық жүктер құрады.

Осы ретте, Құрық теңіз порты Қытайдан Әзербайжанға, Грузияға және Еуропа елдеріне жүктерді мультимодальды тасымалдауды қамтамасыз ететін ТХКБ-ның маңызды бір буыны дер едік. Үстіміздегі жылдың 10 айында Құрық порты арқылы жүктерді ауыстырып тиеу көрсеткіші 760 мың тоннадан асып түскені осының айқын дәлелі. Атап өтерлігі, порттың теміржол айлағының өткізу қабілеті – жылына 4,1 миллион тонна жүкті, ал автокөлік айлағы жылына 1,9 миллион тонна өңдеуге мүмкіндік береді. Өткен жылы осы екі айлақ арқылы ауыстырылып тиелген жүк көлемі 1,6 миллион тоннаны құраған. Өткен айда порт басшылығы Құрық портындағы «Саржа» көпфункционалды теңіз терминалы жобасының девелопері «SEMURG INVEST» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған болатын. Бұл мәміле порттың дамуына және қосымша жүк ағынын тартуға ықпал етеді.

Ал Ақтау халықаралық теңіз порты арқылы жүк тасымалдау көлеміне келсек, биылғы он айдағы жүк тиелімі 2020 жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткіштерінен 15%-ға жоғары болған. Осылайша, Каспий теңізіндегі қазақстандық қос порт арқылы жүк тасымалдау ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 3% ұлғайып, 4,6 млн тоннаны құраған.

### ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративтік қауіпсіздік департаменті және «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалының қызметкерлері деректерді талдау тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.**

Басқосуға қатысқандар қызметкерлердің кадрлық әлеуетін тұрақты дамыту, сондай-ақ микросервистік архитектураны құру және деректерді корпоративтік енгізуді дамыту тақырыптарын талқылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Стратегия, тұрақты даму және цифрлық трансформация жөніндегі басқарушы директоры Ерлан Дұрмағамбетов дата-центрлік тәсілге көшуге алғашқы қадам жасалғанын атап өтті. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да деректерді басқару және талдау бойынша корпоративтік стандарт әзірленген.

– Ішкі құзыреттерді дамыту маңызды қадам болып табылады. Мұнда біздің портфельдік компаниялармен бірлескен жұмыс қажет. Деректер негізінде модельдер құрып, шешімдер ұсынып, заңдылықтарды іздей алатын барлық деңгейдегі талдаушылар қажет, – деп атап өтті Ерлан Дұрмағамбетов.

*Ислам ТАЛҒАТ*

# БАСТАУЫШ ҰЙЫМНЫҢ БАСТАМАСЫ

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Нұр-Сұлтан

КӘСІПОДАҚ

**Бастауыш кәсіподақ ұйымдары жылына орай «Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігіне қарасты «Астана» филиалы арнайы семинар өткізді. «Бастауыш кәсіподақ ұйымы – кәсіподақ қозғалысының тірегі» атты семинарға елорда теміржолындағы барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдарының өкілдері қатысып, саладағы маңызды жаңалықтарымен бөлісті.**



**2013 ЖЫЛҒЫ ҮКІМЕТТІҢ ҚАУЛЫСЫМЕН ТЕМІРЖОЛДА ЗИЯНДЫ ҚЫЗМЕТКЕ ЖАТАТЫН 23 МАМАНДЫҚ БЕКІТІЛГЕНІ БЕЛГІЛІ. САЛАЛЫҚ ЖӘРДЕМАҚЫ КӨМЕГІМЕН СОЛАРДЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ЕРТЕРЕК ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ИДЕЯ МЕМЛЕКЕТ ДЕҢГЕЙІНДЕ КӨТЕРІЛІП, ҚАЗІРГІ ТАҢДА ДЕПУТАТТАР АТАЛҒАН МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒАРУ МӘСЕЛЕСІН ҚАРАСТЫРУДА.**

«Астана» торабы кәсіподақ филиалының төрағасы Серік Сәрсекеев семинарды ашып, кезекті баяндамашыларға берді. Жаз бойы өңірлерді аралап, аймақтағы теміржолшылар жағдайымен танысқан «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитов төрт рет өткізілген комиссия қорытындысын баяндады.

– Өңірлерде өткен жиындар кезінде салалық жәрдемақы беру мәселесі көтерілді. Сол кезде біз локомотившілер сияқты салалық жәрдемақыны жолшылар мен пойыз құрастырушыларға да тағайындау туралы ұсыныс көтердік. 2013 жылғы Үкіметтің қаулысымен теміржолда зиянды қызметке жататын 23 мамандық бекітілгені белгілі. Солардың ішінде осы сала жұмысшылары бар. Енді жаңа жәрдемақы көмегімен осы кәсіп иелерін де зейнеткерлікке ертерек шығару туралы идея басында қолдау тапқанымен, компания үшін миллиардтаған теңге сома шығын келетіндіктен әзірге бұл бастама кейінге қалдырылды. Дегенмен біз мұны мемлекет деңгейінде көтеріп, қазіргі таңда депутаттар аталған мамандық иелерін мерзімінен бұрын зейнетке шығару мәселесін қарастыру үстінде, бәлкім алдағы уақытта оң шешімін тауып қалар, – деді ол «Қалың қалай, бастауыш кәсіподақ?» атты баяндамасымен таныстыру барысында.

Жас және тәжірибелі теміржолшылардың жалақы көлемінің бірдей болуы әділетсіздік, еңбекақы еңбек өтіліне қарай төленуі керек деген бастауыш ұйымның бастамасына құптау білдірген Жұпарбек Сәбитов кәсіподақ әр жұмысшының он жыл сайын жалақысын екі есе көбейтіп отыру мәселесін көтеріп отырғанын жеткізді. Алайда ұлттық компанияның қазіргі таңдағы қаржылық қиындықтарына байланысты бұл бастамалар кейінге ысырылып қалды. Дегенмен кәсіподақ қолға алған бастамаларын аяқсыз қалдырмай, алдағы уақытта да көтеріп, шешімін табуға тырысатын болады. Семинарда компания тарихында бірінші рет биыл жалақы бір жылда екі рет көтерілгені де айтылды.

– Жалақы теміржолшыға қайдан түседі? Мейлі он жерден керемет жол салынып, инфрақұрылымды дамыт. Алайда сол жолмен пойыз жүрмесе, ақша да жоқ. Қаржының көлемі тасымалдың, оның ішінде басты табыс көзі транзиттік тасымалдың көлемі мен шамасына қарай белгілі болады. Қазіргі таңда Қазақстан теміржолы еңбек өнімділігі жағынан ресейлік көршілерден 2,5 есе артта қалып келеді. Бұл дегеніміз, көршілерде бір адам атқаратын жұмысты бізде 2,5 адам істейді деген сөз. Демек, қаржы да сонша адамға бөлінеді. Қазір ұлттық компанияда кәсіподақпен бірлесе оңтайландыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Біз әрбір адамның тағдырына мұқият қарап, қысқарған жағдайда басқа жұмыс ұсыну немесе өтемақы төлеу мәселесін назарда ұстаймыз. Бұрын компанияда 150 мың адам еңбек етсе, қазіргі таңда 110 мың адам қалды. Компания алдағы жылдың басынан жалақыны 5 пайыз көтеруді қарастырып отыр, бірақ біз кем дегенде 10 пайыз көтеру керектігін талап етудеміз, – деп атап өтті тағы да кәсіподақ өкілі.

Семинарда Қазақстанның еңбек заңына, қауіпсіздік пен еңбек қорғау, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге қатысты сауалдар көтерілді. Биыл 10 айда теміржолшылардан осы тақырыптарда 100 өтінім келіп түскен. Солардың ішінен іріктеліп дайындалған ең маңызды деген 33 сұрақтың жауабын «Қазкөліккәсіп» ҚБ бас техникалық инспекторы Қайрат Мұқанов баяндап берді.

Ал Іс-шара бағдарламасына сай «Татуласу орталығы» жұмысы туралы аталған орталық басшысы Әсел Басырова мәлімдеді. Бірлестіктің бас құқықтық инспекторы Назира Серікқызы Ұжымдық шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға тоқталып өтті. «Кәсіподақтағы ұйымдастырушылық жұмыстары» жөнінде «Қазкөліккәсіп» ҚБ департамент директоры Нұрлан Нұрпейісов баяндап, кәсіподаққа мүшелікке тарту, кәсіподақ билеттерін ресімдеуден бастап кәсіподақ міндеттері мен құқықтарын түсіндіру, жұмысын жоспарлау, кәсіподақ активін оқытуды ұйымдастыру, арыз-шағымдар мен өтінімдерді талдау және тағы басқа да мәселелерге тоқталды.

Семинар соңында қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ӘЙГЕРІМНІҢ АСҚАҚ АРМАНЫ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

**«Нұрлы жол» вокзал кешенінде үш жылдан бері сервис және маркетинг секторы менеджері болып қызмет ететін Әйгерім Битабарова – тәуелсіздік құрдасы.**



**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Нұр-Сұлтан

Аягөзден шыққан ару теміржол саласындағы еңбек жолын 2013 жылы «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының «Солтүстік» филиалында хатшы болып бастап, өндірістік-техникалық бөлімнің техник, инженері, жетекші инженері қызметтерін атқарды.

Әйгерімнің қазіргі таңдағы қызметі бойынша негізгі міндеті – қолданыстағы қызметтердің дамуына жағдай жасау, сонымен қатар қосымша жаңа қызметтердің қосылуына ықпал ету. «Жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру, жалға берушілермен келіссөздер жүргізу, келісімшарттағы міндеттемелердің орындалуын қадағалау, сонымен қатар вокзалдағы орындарды жалға беру бойынша конкурстық рәсімдерді өткізу де – біздің сектордың құзырындағы жұмыс, – дейді ол. Сондай-ақ есепті уақытында жүргізіп, тапсыру, вокзалдың барлық коммерциялық аудандарының үздіксіз пайдаланылуын қамтамасыз ету, маркетингтік зерттеу саласындағы жұмыстарды ұйымдастыруды да оның маңызды қызметтік міндеттеріне жатады. Осындай ғажап вокзал кешенінде қызмет етіп, елорда тұрғыны атануы тәуелсіздіктің арқасы деп санайды.

– Әрине басында оңай болмады, әр саладағы жұмыстардың өз қиындығы мен қызығы болатыны рас екен. Қазақ жол және қатынастар университетіне оқуға түсіп, жылжымалы құрамды пайдалану және тасымалдау мамандығын алып шықтым. Одан бері 8 жыл уақыт зымырап өте шықты. Көзді ашып-жұмғанша, міне, Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына да 30 жыл болыпты. Сол жылы дүние есігін ашқан менің құрдастарыма да осынша жыл. Тәуелсіз мемлекетте туған біз – бақытты ұрпақпыз. Арманым – болашақта өз кәсібімнің биік шыңына жету, – деп толғанады Әйгерім.

*Суретті түсірген автор*

# ЖҰМЫС ТОБЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

АЙМАҚ

**Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын Ұлттық компания теміржолшылары кең көлемде атап өткелі отыр. Теміржолшылардың жоғары марапаты жыл сайын 65 адамға беріліп келсе, биыл бұл атаққа қосымша тағы 30 теміржолшы ие болады және марапатқа қоса берілетін сыйақы көлемі екі есеге өседі деп күтілуде.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Бұл туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма басшысының HR және корпоративтік сауалдар жөніндегі орынбасары Серік Кеулімжаев пен «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Ж.Сәбитов бастаған жұмыс тобының аймақ теміржолшыларымен кездесуінде белгілі болды.

Сыр бойына келген жұмыс тобы өкілдері Қызылорда локомотив пайдалану депосының мәжіліс залында теміржолшылармен пікірлесіп, ұсыныстарын тыңдады. Компанияның теміржолшылар алдындағы жауапкершілігін кеңінен түсіндіруге келген жұмыс тобы мүшелеріне сала еңбеккерлері де көкейдегі сауалдарын қойып, жауап алды. Сауалдар әртүрлі тақырыпта болды, кейбіріне жауап беру жұмыс тобының да құзыретіне кірмейтіні анық еді, дегенмен басшылық ақылдасып, ойласып, мүмкіндігінше оң шешімін табуға мүдделі екендерін білдірді. Мәселен, депо маңында орналасқан көпқабатты ғимараттың тұрғын үй ретінде жұмысшыларға беру мүмкіндігін жасау, ерте зейнетке шығудың ерекшелігі мен пайдасы, машинистердің қателік жасап жұмыстан төмендетілген жағдайда қайта орнына бару тәртібін белгілеу, аутсорсингке берілетін жұмысшылар жалақысының сақталу мүмкіндіктерін қарастыру, диспетчерлік қызметтің әсерінен орын алатын олқылықтың алдын алу және осы мақсатта Қызылорда-Белкөл учаскесіне қызмет көрсететін Ақтөбедегі пойыздар қозғалысын басқару орталығы (ЦУП) диспетчерлермен кездесіп түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, ротация әсерінен туындайтын қиындықты оңтайлы шешу үшін бөлімшеде шұғыл басқару бөлімі ашылса деген ұсыныс-пікірлер болды.

Жұмыс тобының өкілдері жолданған сауалдарға барынша жауап беріп, кейбірі жиын хаттамасына енгізіліп, құзырлы орындарда талқыланатыны айтылды.

Кей аймақтардың ауа-райы ерекшелігіне қарай қосымша төленетін үстеме ақының төленуі, теміржолшының маусымдық киім-кешекпен қамтылып, жұмыс орнының қолайлығын қамтамасыз етуде басшылық құрамның рөлі, мекеме басшыларының бір күнді қоғамдық қабылдау күні ретінде белгілеп, жұмысшылармен кездесу ұйымдастыруы, тағысын тағы мәселелер сөз болды.

– Кейбір шағын станциялардағы ауа-райының қолайсыздығына байланысты берілетін жеңілдіктер алдағы уақытта бекет басшысы мен жол шеберінің жазбаша түрде хабарлауы арқылы қабылданып, үстеме ақы төлену жайы шешілетін болады. Жалпы компания үшін әрбір теміржолшының еңбек жағдайының тиісті деңгейде қамтамасыз етілуі маңызды, – деді «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Ж.Сәбитов.

Ол Түркістан мен Сексеуіл станциясы арасындағы салалық мекемелердің теміржолшыларымен кездескен жұмыс тобының көздеген мақсаты да осы – компанияда жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстарды түсіндіріп, халықтың сын-ескертпесі мен ұсыныс-тілегін тыңдау екенін жеткізді. Егер теміржолшыларды толғандырған сауалдарға тұшымды жауап болмаған жағдайда, мәселе жергілікті жерде шешімін таппаса, оны тиісті өкілетті орындарға ұластыру сызбасы көрсетілді, яғни мәселені оңтайлы шешуге жауапты тұлғалардың мағлұматы көрсетілген брошюраның таратылуы халықтың сенімін арттыра түскендей болды. Бұл дегеніміз, компания басшылығы теміржолшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына бей-жай қарамайтындығын білдірсе керек.

## Қауіпсіздік

# ҚОЗҒАЛЫСҚА КЕДЕРГІ КЕЛТІРУДЕ

**Соңғы уақытта теміржол қозғалысына басты кедергі жолға шығып кететін мал мен жан болып отыр. Бұл теміржолшылардың үлкен алаңдаушылығын туғызуда. Мәселен, Шымкент темір жолында биылғы жылдың он айында барлығы 46 оқиға, оның ішінде 13 адам және 33 мал басу оқиғасы тіркелген.**



**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
Шымкент

Әрине, мұның бәрі – адам факторынан туындайтын кедергілер. Теміржолға жақын тұратын тұрғындардың жеке басының қауіпсіздігін сақтамауы, төрт түлік малына ие болмауы кесірінен туындап отырғаны белгілі. Тұрғындар теміржол маңына мал жаю ережелерін ескеріп, ұстана бермейді.

Теміржолға жақын мал жаюдың арнайы ережесімен таныстырып, халықпен профилактикалық жұмыстардың үнемі жүргізіліп жатқанына қарамастан, төрт түліктің пойыздың астына түсу оқиғасы азаймай тұр. Ал жергілікті билік, аудандық әкімдіктердің жергілікті халықпен жұмыс істеуі мүлдем қанағаттанғысыз. Мәселен, тек осы жылдың 22 қазанынан 7 қарашаға дейінгі кезеңде, небәрі 15 күнде Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі бойынша пойыздардың малға соғылған 9 жағдайы тіркелді және олардың бәрі Арыс-Шымкент-Түлкібас телімінде орын алған. Төтенше жағдайдан локомотивтер зақымданып, қыруар материалдық зиян келді.

Мамандар соңғы уақытта Арыс-Қалаш, Бадам-Қалаш, Игілік-Қорғасын, Манкент-Қызылсай, Көктерек-Түлкібас, Дарбаза-Сарыағаш, Жылға-Дарбаза, Монтайтас-Шағыр аралықтарында мал басу оқиғалары жиілегенін айтады.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ қадағалаусыз малдың пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретінін үнемі еске салумен келеді. Компания басшылығы азаматтардан темір жол көлігі объектілерінде жүру ережелерін мүлтіксіз сақтауды, сондай-ақ теміржол аумағы арқылы өтетін елді мекендердің барлық тұрғындарына және фермерлік шаруашылықтардың басшыларына, жеке кәсіпкерлерге мал жаю ережелерін қатаң сақтауды сұрайды.

*Суретті түсірген автор*

# ТӨРТ ТҮЛІКПЕН АЛЫСЫП ӘЛЕК

**Теміржол бойында мал бағудың арнайы тәртібі бар. Солай болса да ол тек қағаз жүзінде қалып, шындығында ережені елейтін адам аз. Ал теміржолшылар жыл он екі ай бойы жолға шыққан төрт түлікпен алысып әлек.**



**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Сондықтан теміржолшылар малы бар тұрғындар мен шаруа қожалықтары иелеріне малды жол табанынан 300 метр қашықтықта арқандап жаюға және теміржолдан 2000 метр қашықтықта бақылауда бағуға ғана рұқсат етілетінін тағы да ескертеді. Ескерту белгісі немесе арнаулы өтпесі жоқ жерден мал айдап өтуге мүлде болмайтынын айтады.

– Кейде көп малды теміржолдың бір жағынан екінші жағына өткізуге тура келеді. Ондайда мал иесі міндетті түрде жергілікті дистанцияның жол шеберлеріне алдын ала хабарлауға тиіс. Өкінішке орай, осы қарапайым қағида сақтала бермейді. Маңғыстау жол дистанциясы бойынша өткен 10 айда жолға шыққан мал үшін 260 оқыс тежеу тіркеліп, 36 жағдайда мал шығыны болды. Әсіресе ірі қараның пойызбен соқтығысуы қозғалысқа қауіп төндіреді, – деген Маңғыстау жол дистанциясының жетекші инженері Ержан Артықбаевтың сөзіне сүйенсек жыл басынан қараша айына дейін әкімдік, ЖПБ, НЖС-14 қызметкерлерімен бірлескен рейд нәтижесінде 1169 адам темір жол төңірегіне мал жаю ережесінен құлағдар болған. Десе де, нәтиже мынау. Мал басылған жағдайда оның иесін табудың өзі қиындық туғызатын көрінеді. Өйткені көпшілік малға ен, сырға, т.б белгілер сала бермейді екен. Сондай себептерден осы он ай ішінде пойызға басылған 36 малдың тек 22-нің иесі табылып, жауапкершілікке тартылған. Қалғаны әлі белгісіз күйде қалып отыр.

– Теміржол арқылы мал айдау немесе жаю ережесін бұзған, қозғалысқа қауіп төндірген мал иелеріне 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатынын тағы да ескертеміз, – дейді Ержан Артықбаев.

*Суретті түсірген автор*

№98 (2706) 26/11/2021




# ЮБИЛЕЙНЫЙ КОНТЕЙНЕРНЫЙ

ПЕРЕВОЗКИ

**С начала года через сервисы совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» проследовало 6 000 поездов.**

Любовь РОВБА, Нур-Султан

Юбилейный поезд отправлен в минувшую пятницу по маршруту Европа – Китай. Он проследует через станцию Достык и доставит из Бремерхафена (Германия) в китайский Чунцин люксовые автомобили.

С января по ноябрь текущего года объем перевозок в транзитных сервисах ОТЛК ЕРА достиг 572,3 тысячи ДФЭ, это на 30,8% больше, чем за 10 месяцев минувшего года.

При этом из Китая в Европу перевезено 358,6 тысячи ДФЭ, или на 26,9% больше, чем год назад. Значительно выросли и перевозки в обратном направлении. Так, за 10 месяцев из Европы в Китай отправлено 213,7 тысячи ДФЭ, что на 37,9% больше аналогичного показателя прошлого года.

По итогам года компания прогнозирует объем перевозок на уровне 670 тысяч ДФЭ.

На фоне взлета цен на морской и воздушный транспорт железнодорожные перевозки на маршруте Китай – Европа в этом году стали ключевыми в цепочке поставок. Стоимость доставки грузов в контейнерах между Азией и Европой по железной дороге в 3,5 раза ниже, чем морским маршрутом.

# КОКШЕТАУСКОЙ ДИСТАНЦИИ ПУТИ – 95 ЛЕТ

В ТРУДОВОМ РИТМЕ

**Кокшетауская дистанция пути является одним из крупнейших подразделений филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети». В текущем году коллектив предприятия отмечает 95-летие.**

Надежда НОВИЦКАЯ, Кокшетау

**ОТ ИСТОКОВ**

История стальной магистрали в Синегорье началась со строительства участка железнодорожного пути Петропавловск – Кокчетав с целью вывоза хлеба из северных регионов Казахстана голодающему центру России и Поволжью. В 1926 году путь был передан в эксплуатацию Омской железной дороге. Так началась история Кокчетавской дистанции пути.

В годы Великой Отечественной войны под лозунгом «Всё для фронта, всё для победы!» труженики железной дороги делали все для продвижения эшелонов с продукцией, необходимой для фронта.

В 1956-1958 годах, согласно Государственному плану СССР, началось строительство Средне-Сибирской магистрали, часть которой проходила по территории Казахстана.

В стране шло мощное развитие промышленности и сельского хозяйства. В регионе был построен участок Кызыл-Ту – Кокчетав (204 км), вошедший в 1962 году в состав Кокчетавской дистанции пути.

**РАБОТА НА «ОТЛИЧНО»**

Дистанция пути постоянно совершенствовалась. Сегодня это современное предприятие, способное обеспечить безопасность движения поездов. Происходит поэтапный переход на железобетонные шпалы, стрелочные переводы на железобетонных брусьях, что увеличивает срок службы материалов и обеспечивает безопасность движения.

За последние 10 лет капитально отремонтировано 75,3 километра пути с укладкой железобетонных шпал, что позволило повысить скорость движения пассажирских поездов до 140 км/час. Используются современные путевые машины по очистке щебня, выправке и рихтовке пути.




